

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтын Ақмола облысының Шортанды поселкесіне көшіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 16 наурыздағы N 220. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.01.07. N 64 қаулысымен.

Мемлекеттік қызметші кадрларды даярлаудың және қайта даярлаудың тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтын (МҚҚИ) (бұдан әрі - Институт) Ақмола облысының Шортанды поселкесіне көшірудің кестесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Ғылым министрлігімен - Ғылым академиясымен және Институтпен бірлесіп үстіміздегі жылдың 1 сәуіріне дейін мерзімде Институттың филиалын ұйымдастыру үшін Ақмола облысының Шортанды поселкесіндегі Бараев атындағы Қазақ астық шаруашылығы ҒЗИ балансындағы өндірістік ғимараттардың, тұрғын үйлердің және қонақ үйдің бір бөлігін Институтқа бөлу туралы мәселені шешсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан Ақмола облысының Шортанды поселкесіндегі Институттың филиалының материалдық-техникалық базасын ұйымдастыруға және нығайтуға 1998 жылы Институтқа 5 (бес) миллион теңге бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Қаржы министрлігімен бірлесіп 1999-2005 жылдарға арнап Ақмола облысының Шортанды поселкесіндегі Институттың материалдық-техникалық базасын дамытуға қажетті қаражат бөлуді көздесін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 16 наурыздағы

№ 220 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және
біліктілігін арттыру институтын (МҚҚИ) көшірудің
К Е С Т Е С І**

Рет N	Шаралар	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1.	Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын әзірлеу	МҚҚИ, Қазақстан Республикасы Премьер-Минис. трінің Кеңсесі	1998 жылдың ақпаны
2.	Ақмола облысының Шортанды поселкесінде МҚҚИ филиалын ұйымдастыру	МҚҚИ	1998 жылдың наурыз-маусымы
3.	Филиалда мемлекеттік қызметші- лерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдас- тыру	Бұл да	1998 жылдың қыркүйегі
4.	Ақмола облысының Шортанды поселкесінде МҚҚИ-ды құру	МҚҚИ, Қазақстан Республикасы Премьер-Минис. трінің Кеңсесі	1999-2000 жылдары кезең- кезеңмен
5.	МҚҚИ-ды Ақмола облысының Шортанды поселкесіне көшіруді аяқтау	МҚҚИ	1998 жылдың шілде-тамызы